

**Астана қаласы әкімдігінің
«Бауыржан Момышұлы
атындағы №53 мектеп-лицей»
ШЖҚ МКК директоры А. Хамитова**

Қайырлы күн, құрметті Қамқоршылық кеңес мүшелері!

«Ашық бюджет» алаңын іске асыру шеңберінде 2025 жылға арналған бюджеттің игерілуі туралы есеп ұсынылады.

Мектеп туралы қысқаша мәлімет:

2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша мектептің оқушылар контингенті – **3686 оқушы** (барлығы **141 сынып**). Оқу үдерісі **екі ауысымда** ұйымдастырылған.

Мектепте **211 педагог** қызмет атқарады, оның ішінде:

- педагог – **31**
- педагог-модератор – **69**
- педагог-эксперт – **61**
- педагог-зерттеуші – **32**
- педагог-шебер – **4**
- магистр - **39**

2025 жылға бөлінген жалпы қаржыландыру көлемі – 2 017 542 000 теңге.

Еңбекақы қорының шығындары – 1 767 706 661 теңге.

Материалдық қорларды сатып алуға – 13 390 074 теңге жұмсалды, оның ішінде:

- жуғыш және дезинфекциялық құралдар;
- кеңсе тауарлары;
- шаруашылық, сантехникалық және электротехникалық материалдар;
- спорттық инвентарь.

Өзге қызметтер мен жұмыстарға – 56 143 816 теңге төленді, соның ішінде:

- жылыту жүйесіне ағымдағы жөндеу жұмыстары – **6 495 427 теңге**;
- желдету жүйесіне ағымдағы жөндеу және асханаға жабдық орнату – **678 000 теңге**;
- жаңа корпуста антипаника жүйесін орнату жұмыстары – **264 000 теңге**;
- терезелерді және/немесе олардың құрамдас бөліктерін жөндеу/дайындау – **3 878 100 теңге**;
- пластик терезелердің резеңкелерін ауыстыру – **760 000 теңге**;
- терезелерді және/немесе олардың құрамдас бөліктерін жөндеу/дайындау – **490 000 теңге**;
- терезелерді және/немесе олардың құрамдас бөліктерін жөндеу/дайындау – **277 000 теңге**;

- өрт дабылы және өрт сөндіру жүйелеріне ағымдағы жөндеу – **760 000 теңге**;
- кафель төсеу бойынша сәндік-әрлеу жұмыстары – **319 826 теңге**;
- хабарландыру жүйелерін, дауысзорайтқыштарды және ұқсас жабдықтарды орнату/монтаждау – **889 920 теңге**;
- тұрғын емес ғимараттар мен үй-жайлардың жекелеген элементтеріне ағымдағы жөндеу – **849 000 теңге**;
- жылыту жүйесін шаю және қысыммен тексеру қызметтері – **225 120 теңге**;
- қызметкерлердің медициналық тексеруден өтуі – **100 633,20 теңге**.

– өзге де қызметтер (**жылдық қызмет көрсету**), оның ішінде күзет қызметтері, санитарлық қызметтер (дезинфекция, дезинсекция, дератизация), қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару қызметтері, қар тазалау жұмыстары, картридждерді толтыру қызметтері, өрт дабыл жүйесіне техникалық қызмет көрсету, эвакуациялық есіктерге техникалық қызмет көрсету, сору, желдету жабдықтары мен автоматикаға сервистік қызмет көрсету, бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету, өндірістік бақылау қызметтері, турникет жүйелеріне қызмет көрсету, дыбыстық хабарлау және мектеп қоңырауы жүйесіне техникалық қызмет көрсету, ауыз су фонтанчиктеріне қызмет көрсету, АСРТ, жылу есебінің жүйелері мен бақылау-өлшеу құралдарына техникалық қызмет көрсету, апаттық-құтқару қызметтері, электрондық автоматтандырылған жүйеде психологиялық қызметтің қызметін сүйемелдеу, домендік атауды пайдалану құқығын беру және ұзарту қызметтері, өрт сөндіргіштерді қайта зарядтау қызметтері, өрт сатыларын, сыртқы стационарлық сатылар мен шатыр қоршауларын сынақтан өткізу жұмыстары, лифтілерге қызмет көрсету, 2024 жылға қаржылық есептілікке аудит жүргізу қызметтері, ori.dfo.kz веб-порталындағы «Электрондық есептер» ақпараттық сервисіне қолжетімділік беру қызметтері, сметалар құрастыру жұмыстары, жылу торабын қысыммен тексеру (опрессовка) және жылыту жүйесіне ревизия жүргізу, қызметкерлерді медициналық тексеруден өткізу, жылу есебі жүйесінің элементтеріне метрологиялық тексеру жүргізу, стендтер мен тақтайшалар дайындау, бағдарламалық қамтамасыз етуді (антивирус) пайдалану лицензияларын ұзарту қызметтері, сынамалық тестілеулерге қатысу қызметтері (ҰБТ), қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру қызметтері, сынамалық тестілеу жүргізу қызметтері (ҰБТ, НКТ, МОДО, PISA, testter.kz).

– Интернетке қолжетімділік қызметтері – 6 537 443 теңге;

– Коммуналдық қызметтер – 30 889 415 теңге.

1–4 сынып оқушыларын және аз қамтылған отбасылардан шыққан, жетім балалар санатындағы аса мұқтаж оқушыларды тамақтандыруға жалпы сомасы 161 394 691 теңге қарастырылған.

Жалпыға міндетті орта білім беру қоры:

- көпбалалы отбасыларға қаржылай көмек – 12 666 472 теңге (274 бала);
- аз қамтылған отбасылардан шыққан, жетім және аса мұқтаж 8 балаға арналған жазғы сауықтыру лагеріне жолдамалар беру қызметтері – 1 200 000 теңге.

Есепті кезеңнің басында ұйымның кредиторлық берешегі 38 552 750 теңгені құраған, аталған берешек 2025 жылы толық өтелді.

2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша Астана қаласы әкімдігінің «Бауыржан Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының еңбекақы бойынша (салықтар мен аударымдарды қоса алғанда) кредиторлық берешегі 57 629 268 теңгені, ал коммуналдық қызметтер бойынша берешегі 13 310 054 теңгені құрайды.

2025 жылға арналған АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕР бойынша бюджет
56 601 422,0 теңгені құрады.

Еңбекақы төлеу қоры бойынша шығыстар – 37 225 437,0 теңге.

Материалдық қорларды сатып алуға 4 054 990 теңге жұмсалды, оның ішінде:

- жуғыш және дезинфекциялық құралдар;
- гигиеналық тауарлар;
- кеңсе тауарлары;
- шаруашылық, сантехникалық және электротехникалық материалдар;
- спорттық құрал-жабдықтар.

Өзге де қызметтер мен жұмыстарға 9 511 304,0 теңге төленді, оның ішінде:

- арнайы шкафтарды (ілгіштерді) дайындау жұмыстары – 479 750 теңге;
- бейнебақылау жүйесін жөндеу/жаңғырту жұмыстары – 525 910 теңге;
- ғимараттың 1-қабатындағы аспалы төбеге ағымдағы жөндеу жүргізу – 950 000 теңге;
- акт залын ағымдағы жөндеу – 2 300 000 теңге;
- терезелерді жөндеу жұмыстары – 416 500 теңге;
- жылжымайтын мүлік нысанына кадастрлық паспорт дайындау – 2 201 128 теңге;
- қар тазалау (жою) жұмыстары – 289 898 теңге;
- мәдени және мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қызметтері – 500 000 теңге;
- өзге де қызметтер, оның ішінде картридждерді толтыру, стендтер мен тақтайшалар дайындау қызметтері.

